

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№363

2018 жылғы 10 желтоқсан

**Облыстық жер комиссиясының
ережесін және дербес құрамын
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 15-бабының 1-тармағының 5-3) тармақшасына және 43-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары–Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 359 «Жер комиссиясы туралы үлгі ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық жер комиссиясы туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.
2. Қосымшаға сәйкес облыстық жер комиссиясының дербес құрамы бекітілсін.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

**Облыстық жер комиссиясының
ЕРЕЖЕСІ**

1-тарау. Жалпы ереже

1. Облыстық жер комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Ақтөбе облысының аумағында өз құзыреті шегінде тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Комиссия өзінің жұмысын ашықтық, жариялылық, алқалылық және әділдік қағидаттарында ұйымдастырады

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2-тарау. Комиссияның функциялары мен құқықтары

3. Комиссияның функциялары жер учаскелеріне құқықтар беру туралы (шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурс жеңімпазын айқындау туралы), жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы және су қорының жерін басқа санаттардағы жерге ауыстыру туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарау және қорытындылар дайындау болып табылады.

4. Комиссия өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан жер учаскесінің бары немесе жоғы туралы, жер учаскесіне ауыртпалық туралы, заңды тұлғалардың жарғылық капиталында шетелдіктердің үлесі бары немесе жоғы туралы, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің пайдаланылу режимі туралы мәліметтерді сұратуға және алуға құқылы.

4-тарау. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

5. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.
6. Комиссияның отырысы тиісті өтініш түсуіне қарай өткізіледі.
7. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабына сәйкес айқындалады.

8. Комиссия төрағасы облыс әкімінің жер мәселеріне жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

9. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы ережеде Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

10. Комиссия төрағасы:

1) отырысты шақырады;

2) Комиссияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

3) Комиссияның жұмысын жоспарлайды;

4) Комиссия отырыстарына төрағалық етеді.

11. Комиссия мүшелері:

1) ұсынылған материалдармен танысады;

2) Комиссия отырысында қаралуы тиіс мәселелерді қарайды және тиісті шешім шығаруға қатысады;

3) отырыстарға қатысу жөніндегі өз өкілеттігін басқа адамға бермейді;

12. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия отырысының күн тәртібін жасайды;

2) Комиссия мүшелеріне Комиссия отырысының өтетін күні мен орны туралы хабарлайды;

3) отырысты өткізуге қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады, комиссия отырысының хаттамасын және комиссия отырысының қорытындысын ресімдейді;

4) Комиссия мүшесі болып табылмайды.

13. Облыстың жер қатынастары саласындағы тиісті уәкілетті органы ретінде «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – Жұмыс органы) болып табылады.

Комиссия хатшысының міндеттері Жұмыс органының маманына жүктеледі.

14. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ өткізілетін күнін, уақыты мен орнын Комиссия төрағасы айқындайды.

15. Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін қалыптастыруды, Комиссия мүшелерін шақыруды, Комиссия қорытындыларының жобаларын және басқа да қажетті іс-шараларды Жұмыс орган қамтамасыз етеді.

16. Комиссия отырысына шақырылған адамдар қатыса алады.

17. Комиссия отырысы, егер оған оның құрамының жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Бұл ретте қоғамдық кеңестер, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік емес ұйымдар және өзге де салалық мемлекеттік емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысу саны қатысып отырған жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының кемінде елу пайызын құруы тиіс. Жер комиссиясының мүшелері оның отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

18. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысушы жер комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен айқындалады және егер жер комиссиясы мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе шешім қабылданды деп саналады.

19. Комиссия отырысы міндетті түрде аудио, бейнежазба құралдарының көмегімен жазылады. Жер комиссиясының отырысын аудио, бейнежазба құралдарының көмегімен жазуды облыстың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

20. Комиссияның қорытындысы бес жұмыс күні ішінде Жұмыс органы сұралып отырған жер учаскесін мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстарды Комиссияға берген уақыттан бастап хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады.

21. Комиссияның оң қорытындысының бір данасы бес жұмыс күні ішінде оның жерге орналастыру жобасын дайындауы үшін өтініш берушіге беріледі.

4-тарау. Қорытынды ережелер

22. Жер комиссиясының хаттамалық шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Сотқа арыз берілгенде Комиссияның хаттамалық шешімінің орындалуы тоқтатылады.

23. Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісті әкімнің аппаратына жүктеледі.

2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363
облыстық мәслихаттың шешіміне
қосымша

Облыстық жер комиссиясының дербес құрамы

АБДУЛЛИН

облыс әкімінің орынбасары, *комиссия*

Мавр Ерғалиұлы

төрағасы

ЕВЕСКИН
Ерлан Түгелбайұлы

«Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жер учаскесін беру немесе алып қоюға ұсыныстар дайындау бөлімінің басшысы, *комиссия хатшысы*

Комиссия мүшелері:

АХМЕТАЛИНА
Әлия Маратқызы

«Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі басшысының міндетін атқарушы

БӨЛТЕЕВ
Хобдаш Көптілеуұлы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе аумақтық бөлімінің басшысы *(келісім бойынша)*

БЕРМАҒАМБЕТОВ
Ануарбек Серғалиұлы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы орынбасары *(келісім бойынша)*

ДОСХОЖАЕВ
Ардақ Амангелдіұлы

«Қазақстан Республикасының кәсіби авариялық құтқару қызметтерінің қауымдастығы» Өзін-өзі реттейтін ұйым Заңды тұлғалар бірлестігінің мүшесі *(келісім бойынша)*

ЕСПАҒАМБЕТОВ
Келдібай Еспағамбетұлы

Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің мүшесі *(келісім бойынша)*

ИМАНАЛИН
Нұрлан Жұмашұлы

«Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы»

ИМАНҚҰЛОВ Жақсығали Исламұлы	<p>мемлекеттік мекемесінің басшысы</p> <p>Қазақстан Республикасының энергетика министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің «Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесінің басшысы <i>(келісім бойынша)</i></p>
ҚОЙЛЫБАЕВ Марат Айтуғанұлы	<p>Ақтөбе облысының Қоғамдық кеңесінің экология, жер қойнауын пайдалану, жер қатынастары және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша комиссиясының төрағасы <i>(келісім бойынша)</i></p>
ЛАТЫПОВ Ғалымжан Мұхтарұлы	<p>№17 Алға сайлау округінен облыстық мәслихат депутаты <i>(келісім бойынша)</i></p>
МАХАМБЕТОВ Нұрлан Жанабекұлы	<p>Ақтөбе облысының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің бастығы <i>(келісім бойынша)</i></p>
МАМЫРБАЕВ Асқарбек Абдраманұлы	<p>«Болат ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшысы <i>(келісім бойынша)</i></p>
МАНДРЫКИН Александр Васильевич	<p>«Медет ЛТК» қоғамдық қорының директоры <i>(келісім бойынша)</i></p>
НАЗАРОВ Ерлан Асылбекұлы	<p>«Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы</p>
САРСЕМБАЙ Құсайын Іскендірұлы	<p>«Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы</p>
ХАМЗА Махамбет Ерболатұлы	<p>«Қазақстан Фермерлер Одағы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының атқарушы директоры <i>(келісім бойынша)</i></p>
ХАМИТОВ Талғат Амангелдіұлы	<p>«Кәсіпкерлердің құқығын қорғау қауымдастығы» заңды тұлғалар</p>

бірлестігі төрағасының басшысы
(келісім бойынша)